

*Робототехника ойындарының ұйымдастырылған оқу үйірме жұмысының
жоспары*

Тақырыбы:	«Ғарышқа саяхат»	
Оқу мақсаты:	<i>Жұптаса, топтасып жұмыс жасауды үйренеді.</i> <i>Логиканы дамыту үшін пішіні, түсі, көлемі бойынша бір-біріне ұқсас заттарды сәйкестендіру мен топтастыруды қалыптастыру.</i> <i>Заманауи дамыған технологияны, робототехниканы меңгеру</i>	
Күтілетін нәтиже:	<i>Қайталай алады: Кеңістік бағдарлау түсінігі қалыптасады.</i>	
	<i>Түсінеді: Балалар оңға, солға, алға, артқа және команда беру әдісін түсінеді.</i>	
	<i>Қолданады: Ойын тапсырмалар арқылы кеңістікті тауып, бағдарламаларды басқару тетігіне дұрыс енгізуді.</i>	
Ұ.Ү.Ж.барысы: 1 мин Өткенге шолу: 2 мин	<i>Жоспарланған жұмыс іс- әрекеті.</i> <i>Сәлемдесу.</i> <i>Сәлеметсіңдерме балалар! Көңіл-күйлерің қалай! Steam орталығына қош келдіңдер! Балалар сендер білесіңдерме! Биыл біздің елімізде өте ауқымды мерекелер тойланады, оның бірі Ғарышкерлердің 30 жылдық мерекесі. Ал балалар айтыңдаршы ғарышкерлер жайында не білесіңдер? Тамаша жарайсыңдар балалар!</i> <i>Ғажайып сәт!</i> <i>Ой балалар қараңдаршы біздің әлеуметтік желімізге хат келінті.</i> <i>Қанекей тыңдап көрейік не жайында екен.</i> <i>Ғарышкер: Сәлеметсіңдерме балалар! Мен жас ғарышкермін.</i> <i>Мен ғарышқа ұшайын десем ғарыш кемесін құрастыра алмай отырмын. Ғарыш кемесін құрастыратын үлгіні жоғалтып</i>	<i>Ресурстар</i> <i>Білім тақтасы</i>

5 мин	алдым. Кемені құрастыру үшін арнайы үлгіні тауып беруге көмектесесіңдерме? Ал енді балалар біз өткен үйірме жұмысында қандай роботпен таныстық? (Botley және ақылды тышқан) Ақылды тышқанды қалай басқарамыз? Оның қосымша қандай құралдары бар? Botley роботын қалай басқарамыз? Оның қосымша қандай құралдары бар? Ақылды тышқан мен Botley роботының айырмашылығы неде? Жарайсыңдар балалар! Сендер өткен тақырыптарды өте жақсы меңгеріпсіңдер. Ал енді балалар біз бүгін түрлі тапсырмаларды орындай отырып, ғарышкердің ғарыш кемесін құрастыруға құрастыру үшін арнайы үлгіні тауып беруіміз керек. Ақылды тышқан және Botley роботымен тапсырмалар орындайтын боламыз. (балалар ортадағы арнайы столға келеді)	
5 мин.	Балалар планшеттегі түстерді кезекпен таңдап тапсырмаларды орындайық (планшетте бірнеше үлгілер көрсетіледі). Балалар тапсырмаларды дұрыс орындасақ ғарыш кемесін құрастыратын үлгінің бөлшектерін табады екенбіз. Жарайсыңдар балалар! Енді осы бөлшектерді тақтада біріктіріп ғарыш кемесінің үлгісін жасап шығайық (флипчарт бағдарламасы арқылы мозайка құрастырады). Тамаша балалар! Енді осы үлгіні ғарышкерге жолдаймыз ба? Ғарышке: Рахмет балалар! Жарайсыңдар! Енді осы үлгі арқылы ғарыш кемесін құрастырып, ғарышқа аттанамын. Сендерге	Үлгілік суреттер Ақылды тышқан, Botley роботы және басқару құрылғылары Үлкен экранда жұмыс

Ұ.Ү.Ж соңы Імин	<i>ғарыштан бене жазба жіберемін.</i> <i>Балалар менің сендерге арналған естелік силығым бар. Болашақта сендерде мен сияқты ұшқыш ғарышкер болыңдар. Сендерге көп-көп рахмет достар! Сау болыңдар!</i> <i>(Ғарышкер ғарыштан сәлем жолдап, балаларға бейне жазба жібереді. Балалар бейне жазбаны тамашалайды. Осы сәтте залға Робо UARO жүк көлігі ғарыш кемесін алып келеді)</i> <i>Қорытындылау</i> <i>Балалар бүгін біз қандай роботпен жұмыс жасадық?</i> <i>Бізге кім қонаққа келді? Кімге көмектестік? Қандай тапсырмаларды орындадық?</i> <i>Жарайсыңдар балалар! Сендерге бүгінгі үйірме жұмысымыз ұнадыма? Олай болса бүгінгі үйірме жұмысын аяқтаймыз. Сау болыңдар балалар!</i>	<i>Балалар кері байланыс береді.</i>
-------------------------------	---	---

